SONY

# Sound Bar

Пайдалану бойынша нұсқаулық KZ

HT-S350

4803933

## ЕСКЕРТУ

Дыбыс панелін кітап сөресі немесе қабырға шкафы сияқты тар жерге орнатпаңыз.

Өрт шықпауы үшін дыбыс панелінің желдету саңылауларын газеттер, дастарқан, перде, т. б. заттармен жаппаңыз.

Дыбыс панеліне ашық жалын көздерін мысалы, жанып тұрған шырақтарды қоймаңыз.

Электр тогының соғу қаупін азайту үшін дыбыс панеліне тамшылар мен су шашырандыларын тигізбеңіз және дыбыс панеліне сұйықтық толтырылған вазалар сияқты заттарды қоймаңыз.

Дыбыс панелі өшіп тұрса да, айнымалы ток розеткасына қосылып тұрғанда оған электр тогы беріледі.

Қуат беретін кәбіл дыбыс панелін электр розеткасынан ажырату үшін пайдаланылатындықтан, дыбыс панелін оңай қолжетімді электр розеткасына қосу керек. Дыбыс панелінің дұрыс жұмыс істемеу белгілері анықталған жағдайда оны электр розеткасынан дереу ажыратыңыз.

Батареялардың өздерін немесе аппаратқа орнатылған батареяларды шамадан тыс қыздыруға (мысалы, тікелей күн сәулесі, от және т. б. әсеріне ұшыратуға) тыйым салынады.

Құрылғы тек үй-жайдың ішінде пайдалануға арналған.

### Ұсынылатын кәбілдер
Негізгі компьютерлерге және/немесе перифериялық жабдыққа қосу үшін тиісті түрде экрандалған және жерге тұйықталған кәбілдерді пайдалану қажет.

### Дыбыс панелі үшін
Паспорттық тақтайша мен шығарылған күні төменгі бөлігінде көрсетілген.

### Сабвуферде
Өндірілген күні артқы жағында көрсетілген.

Өндіруші: Сони Корпорейшн
Мекенжайы: 1-7-1 Конан Минато-ку
Токио, 108-0075 Жапония

Кеден одағы елдерінің аумағындағы импорттаушы «Сони Электроникс» АҚ, Ресей, 123103, Мәскеу, Карамышевский өтпе жолы, 6

HT-S350 дыбыс панелі қосылған құрылғылардан дыбыс ойнатуға арналған.

Шығарылған күні құрылғы және қаптамадағы штрих-код көрсетілген заттаңбада мына форматпен көрсетілген: ММ.YYYY, мұндағы ММ — шығарылған айы, ал YYYY — шығарылған жылы.

**Малайзияда жасалған**

Дыбыс панелі

Бұл жабдық кемінде 3 м қосылу кәбілін қолдану кезінде EMC нормативтерінде белгіленген шектеулерге сәйкестікке тестіленген.



**Пайдаланылған қуат көзі элементтерін және қызмет көрсету мерзімі біткен электрлік және электрондық жабдықтарды кәдеге жарату (Директива Еуроодақ елдерінде және қалдықтарды бөлек жинау жүйелері жұмыс істейтін басқа да елдерде қолданылады)**

## Сақтау шарттары:

Қышқылдар мен сілтілерді сақтау орындарынан оқшауланған, қараңғы, құрғақ, таза, желдетілетін үй-жайларда қаптамасында сақтау керек. -15 °C-ден +50 °C-ге дейінгі температура және <70 %-дан аспайтын салыстырмалы ылғалдылықта, конденсат түзбейтіндей етіп сақтау керек. Сақтау мерзімі белгіленбеген.

Түпнұсқа қаптамада тасымалдаңыз, тасымалдау кезінде лақтырмаңыз, құлатпаңыз, соққыға, шамадан тыс дірілге ұшыратпаңыз.

Егер ақаулықты осы нұсқаулыққа сәйкес жою мүмкін болмаса, жақын жерде орналасқан SONY авторландырылған жөндеу және қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Сатуды қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес жүзеге асырыңыз. Қызмет көрсету мерзімі біткен бұйым қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес кәдеге жаратылады.

## Қазақстандағы сатып алушылар үшін

Қазақстан аумағындағы тұтынушылардан шағымдар қабылдауға уәкілетті ұйым: «Сони Электроникс» АҚ Қазақстандағы өкілдігі, 050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Достық даңғылы, 117/7 үй

## Белоруссиядағы сатып алушылар үшін

## Мазмұны


Осы Пайдалану бойынша нұсқаулық туралы ..... 5
Жеткізу жиынтығының ішіндегілер ..... 6
Дыбыс панелінің көмегімен не істеуге болады..... 7
Компоненттер мен басқару органдарының көрсеткіші .... 8


### Теледидарды жалғау

| Теледидарды HDMI кәбілінің көмегімен жалғау | ➡ | Жұмысты бастау нұсқаулығы (бөлек құжат) |
|---|---|---|


BLUETOOTH функциясы арқылы Sony теледидарына сымсыз қосылу..... 15
Динамик панелін қабырғаға орнату ..... 18
Теледидарды қашықтан басқару пульті жұмыс істемейді..... 20


### Дыбысты тыңдау


Теледидарды және басқа құрылғыларды тыңдау..... 21
Дыбысты реттеу ..... 22


### BLUETOOTH® функциясы арқылы музыка/дыбыс тыңдау


Мобильді құрылғыдан музыка тыңдау..... 24
BLUETOOTH құрылғысының көмегімен дыбыс панелін қосу ..... 27
BLUETOOTH функциясын өшіру 27


### Әр түрлі функцияларды қолдану


Сабвуфердің сымсыз қосылымын орнату (SECURE LINK)..... 28
HDMI арқылы бақылау функциясын пайдалану ..... 29
BRAVIA Sync функциясын пайдалану..... 31
HDMI қосылымдар бойынша ескертпелер..... 31
Тұтынылатын қуатты төмендету 32


### Ақаулықтарды іздеу және жою


Ақаулықтарды іздеу және жою ... 33
Дыбыс панелін қалпына келтіру. 39


### Қосымша ақпарат



Техникалық сипаттамалары ..... 40
Қолдау көрсетілетін кіріс аудиоформаттары (TV кіріс) ..... 41
BLUETOOTH технологиясы арқылы байланыс туралы . 42
Сақтық шаралары ..... 44

## Осы Пайдалану бойынша нұсқаулық туралы


- Осы пайдалану бойынша нұсқаулықтағы нұсқаулар қашықтан басқару пультінің басқару элементтерін сипаттайды.
- Кейбір суреттер мысал ретінде келтірілген және нақты өнімдерден өзгеше болуы мүмкін.
- Әдепкі нұсқаулар әр функцияның сипаттамасында көрсетілген.
- Мысалы: HDMI арқылы бақылау функциясы қосулы

## Жеткізу жиынтығының ішіндегілер


- Динамик панелі (1)




- Сабвуфер (1)



- Қашықтан басқару пульті (1)




- R03 типті батарея (AAA өлшемді 1,5 В тұрақты тоқ) (2)
  Жарамдылық мерзімі элементтің теріс полюсінде көрсетілген.



- Сандық оптикалық кәбіл (1)



- ҚАБЫРҒАҒА ОРНАТУ ҚАЛЫБЫ (1)




- Жұмысты бастау нұсқаулығы




- Пайдалану бойынша нұсқаулық



# Дыбыс панелінің көмегімен не істеуге болады




# Компоненттер мен басқару органдарының көрсеткіші

Суреттерде ұсақ бөлшектер көрсетілмеген.

## Динамик панелі

### Алдыңғы панель




1 **Қашықтан басқару пультінің датчигі**
Қашықтан басқару пультін дыбыс панелін қолдану үшін қашықтан басқару пультінің датчигіне бағыттаңыз.

2 **батырмасы (қуат көзі)**
Дыбыс панелін қосу немесе күту режимін орнату.

3 **батырмасы (TV) (21-бет)**

4 **BLUETOOTH батырмасы (24-бет)**

5 **+/– батырмалары (дыбыс деңгейі)**

6 **Индикаторлар**
Динамик панеліндегі индикаторлардың жылтылдауы немесе жыпылықтауы келесі күйді білдіреді.




## Таңдалған кіріс

| Индикаторлар | Статус |
|---|---|
|   | TV кірісі таңдалған кезде жылтылдайды. |
|   | BLUETOOTH кірісі таңдалған кезде жылтылдайды. |
|   | Дыбыс панелі BLUETOOTH функциясы арқылы теледидарға қосылған кезде жылтылдайды (TV кірісі таңдалды). |

## Дыбыстық формат, көлемді әсер

| Индикаторлар | Статус |
|---|---|
|   | • Көп арналы дыбысты ойнату кезінде жылтылдайды 5.1.<br>• Дыбыс режимі таңдалғанда бір рет жыпылықтайды (22-бет). |

## Дыбыс деңгейі

| Индикаторлар | Статус |
|---|---|
|   | Бір рет жыпылықтайды: дыбыстың төмен деңгейі орнатылған (1–20). |
|   | Бір рет жыпылықтайды: дыбыс деңгейі орташа (21–40). |
|   | Бір рет жыпылықтайды: дыбыс деңгейі жоғары (41–49). |
|   | • Үздіксіз жыпылықтайды: дыбыс өшірулі.<br>• Екі рет жыпылықтайды: максималды/минималды дыбыс деңгейі орнатылған. |
|   | Сабвуфердің дыбыс деңгейін SW +/– басып реттеген кезде ағымдағы кіріс индикаторы бір рет жыпылықтайды. |
|   | Сабвуфердің максималды/ минималды дыбыс деңгейі орнатылған кезде үш рет жыпылықтайды. |

## Әр функция үшін мәнді баптау


Әр функцияның қосылуы/өшірілуі келесі индикатордың жыпылықтаған санымен көрсетіледі.

- Қосылу: екі рет жыпылықтайды.
- Өшірілу: бір рет жыпылықтайды.

Қосу/өшіруден басқа баптауларды өзгерткен кезде индикатордың күйі туралы ақпаратты әр функцияға арналған сипаттамадан қараңыз.

| Индикаторлар | Функциялар |
|---|---|
|  | • Түнгі режим(23-бет)<br>• Сөйлеу режимі (23-бет) |
|  | • DRC дыбысы (23-бет)<br>• HDMI арқылы бақылау (29-бет)<br>• BLUETOOTH күту режимі (27-бет)<br>• BLUETOOTH функциясы (27-бет)<br>• Автоматты күту режимі (32-бет)<br>• ИҚ қайталағышы (20-бет) |
|  | Теледидарды BLUETOOTH функциясы арқылы жалғау (15-бет). |

## Артқы панель





1 **HDMI OUT (TV (ARC)) ұясы**
HDMI кіріс ұясы бар теледидарды HDMI кәбілі арқылы жалғау үшін пайдаланылады (қоса берілмейді). Дыбыс панелі ARC-мен үйлесімді (30-бет). ARC — бұл теледидардың HDMI кіріс ұясының көмегімен қосылыс орындау арқылы аудио/бейнеқұрылғы, мысалы дыбыс панелі арқылы теледидардың дыбысын тыңдауға мүмкіндік беретін функция.

2 **TV IN (OPTICAL) ұясы**

3 **ИҚ қайталағышы (20-бет)**
Қашықтан басқару пультінің алыстатылған сигналын теледидарға жеткізеді.

## Сабвуфер




**1** **Күй индикаторы**
Сабвуфердің қуат көзі мен динамик панелінің қосылу күйін білдіреді.

- Жасыл түспен жылтылдайды: сабвуфер мен динамик панелі арасында байланыс орнатылды.
- Жасыл түспен жыпылықтайды: сабвуфер мен динамик панелі арасында байланыс орнатылуда.
- Қызғылт сары түспен жылтылдайды: сабвуфер мен динамик панелі арасындағы байланыс Secure Link функциясы арқылы орнатылды.
- Қызғылт сары түспен жыпылықтайды: сабвуфер мен динамик панелі арасындағы байланыс Secure Link функциясы арқылы орындалуда.
- Қызыл түспен жылтылдайды: сабвуфер күту режимінде.
- Жылтылдамайды: сабвуфер өшірулі.

**2** **⏻ батырмасы (қуат көзі)**
Сабвуферді қосу/өшіру.


**3** **LINK батырмасы (28-бет)**

**4** **Желдету саңылаулары**
Қауіпсіздік мақсатында желдету саңылауларын жабуға болмайды.

## Қашықтан басқару пульті

Кейбір батырмалар басу ұзақтығына байланысты әр түрлі жұмыс істейді. Төмендегі белгішелер батырманы басу ұзақтығын көрсетеді.

- : батырманы басыңыз.
- : батырманы басып, 5 секунд ұстап тұрыңыз.




1 **TV (21-бет)**
TV кірісін таңдаңыз.

2 **BLUETOOTH (21, 26-бет)**
BLUETOOTH кірісін таңдау.

3 **AUTO SOUND (22-бет)**
Дыбыстық әсер ретінде AUTO SOUND батырмасын таңдау.

4 **VOICE**
: сөйлеу режимін қосу/өшіру. (23-бет)
: HDMI арқылы бақылау функциясын қосу/өшіру. (29-бет)

5 **(дыбыс деңгейі) +*/–**
Дыбыс деңгейін реттеу.

6 **SW (сабвуфердің дыбыс деңгейі) +/–**
Сабвуфердің дыбыс деңгейін реттеуге мүмкіндік береді.

7 **GAME (22-бет)**
Дыбыстық әсер ретінде GAME таңдау.

8 **SPORTS (22-бет)**
Дыбыстық әсер ретінде SPORTS таңдау.

9 **SECURE LINK (28-бет)**
: Secure Link функциясының көмегімен қосылымды бастау.

10 **(қуат көзі)**
Дыбыс панелін қосу немесе күту режимін орнату.

11 **CINEMA (22-бет)**
Дыбыстық әсер ретінде CINEMA-ті таңдау.

12 **MUSIC (22-бет)**
Дыбыстық әсер ретінде MUSIC таңдау.

**13** **NIGHT**

: түнгі режимді қосу/өшіру. (23-бет)

: BLUETOOTH күту режимін қосу/өшіру. (27-бет)

**14** **(дыбысты өшіру)**

Дыбысты уақытша өшіру немесе оны қайта қосу.

**15** **AUDIO***

: Dolby Digital мультиплексті хабар радиохабар тарату жүйесі үшін аудио арнаны таңдау. (23-бет)

: «DRC дыбысы» функциясын қосу/өшіру. (23-бет)

**16** **NEWS (22-бет)**

Дыбыстық әсер ретінде NEWS таңдау.

**17** **STANDARD**

: дыбыстық әсер ретінде STANDARD таңдау. (22-бет)

: ИҚ қайталағышы функциясын қосу/өшіру. (20-бет)

**18** **INDICATORS**

: динамик панеліндегі индикаторларды қосу/өшіру.

: автоматты күту режимі функциясын қосу/өшіру. (32-бет)

* + және AUDIO батырмаларында қолға сезілетін нүктелер бар. Оларды жұмыс кезінде бағдар ретінде пайдаланыңыз.

**Кеңес**

Сіз INDICATORS басып, индикаторды өшіре аласыз.
INDICATORS-ты басып индикаторларды өшіргеннің өзінде де, дыбыс панелін пайдалану кезінде индикаторлар іс-әрекеттерге байланысты жанып тұрады немесе жыпылықтайды.

**Қашықтан басқару пультінің батареяларын алмастыру**

Егер дыбыс панелі қашықтан басқару пультін пайдаланып жасалатын әрекеттерге жауап бермесе, пульттегі батареяларды жаңасына алмастырыңыз. Алмастыру үшін R03 типтес марганец батареяларын (AAA өлшемді) пайдаланыңыз.


## Теледидарды HDMI кәбілінің көмегімен жалғау

Жұмысты бастау нұсқаулығын қараңыз (бөлек құжат).

## BLUETOOTH функциясы арқылы Sony теледидарына сымсыз қосылу


BLUETOOTH функциясы бар Sony* теледидарын пайдаланған кезде, дыбыс панелін теледидарға сымсыз қосып, теледидардағы немесе теледидарға қосылған құрылғыдағы дыбысты тыңдауға болады.

* Теледидар A2DP (Advanced Audio Distribution Profile) профилімен үйлесімді болуы тиіс.




## Дыбыс панелі мен теледидарды сымсыз жалғау

Дыбыс панелін теледидарға сымсыз жалғау үшін BLUETOOTH функциясы арқылы дыбыс панелін теледидармен түйіндестіру керек.
Түйіндестіру — BLUETOOTH құрылғыларын уақытылы сымсыз қосу мақсатында олардағы мәліметтерді өзара тіркеу үшін орындалатын процесс.





**1** **Батареяларды (қоса беріледі) қашықтан басқару пультіне салыңыз.**

**2** **Теледидарды қосыңыз.**

**3** **Динамик панелі мен сабвуферді қосыңыз.**


**4** **Қашықтан басқару пультін динамик панеліндегі қашықтан басқару пультінің датчигіне бағыттаңыз және қашықтан басқару пультіндегі TV батырмасы мен динамик панеліндегі BLUETOOTH батырмасын бірге 5 секунд бойы басып тұрыңыз.**
TV және BLUETOOTH индикаторлары екі рет жыпылықтайды және дыбыс панелі түйіндестіру режиміне ауысады, содан кейін BLUETOOTH индикаторы тез жыпылықтай бастайды.




**5** **Түйіндестіруді орындап, теледидарда дыбыс панелін іздеңіз.**
Теледидар экранына ізделетін BLUETOOTH құрылғыларының тізімі шығады.
BLUETOOTH құрылғысын теледидармен түйіндестіру үшін орындалатын әрекеттер туралы ақпаратты теледидарды пайдалану бойынша нұсқаулықтан қараңыз.

**6** **Теледидар экранындағы тізімнен “HT-S350” таңдап, дыбыс панелін теледидармен түйіндестіріңіз.**

**7** **Динамик панелінде TV мен BLUETOOTH индикаторларының жанып тұрғанына көз жеткізіңіз.**
Дыбыс панелі мен теледидар арасында байланыс орнатылды.




**8** **Теледидарды қашықтан басқару пультін пайдаланып, бағдарламаны немесе теледидар кірісін таңдаңыз.**
Теледидар экранында көрсетілген кескіннің дыбысы дыбыс панелі арқылы ойнатылады.

**9** **Теледидарды қашықтан басқару пультімен дыбыс панелінің дыбыс деңгейін реттеңіз.**
Теледидарды қашықтан басқару пультінде дыбысты өшіру батырмасы басылып тұрса, дыбыс уақытша өшеді.

**Ескертпелер**

- Егер теледидардың дыбысы дыбыс панелінен шықпаса, TV кірісін таңдау үшін дыбыс панелін қашықтан басқару пультіндегі TV батырмасын басыңыз, содан кейін динамик панеліндегі индикаторлардың күйін тексеріңіз.
  - TV мен BLUETOOTH индикаторлары жылтылдайды: дыбыс панелі мен теледидар жалғанды, дыбыс панелі теледидардан дыбыс шығарады.
  - BLUETOOTH индикаторы жылдам жыпылықтайды: теледидар үшін түйіндестіруді орындаңыз.
  - TV индикаторы жылтылдайды: жалғауды қайта орындаңыз.
- Егер дыбыс панелі теледидарға HDMI кәбілі арқылы жалғанған болса (қоса берілмейді), BLUETOOTH функциясы қосылмайды. Дыбыс панелін теледидарға BLUETOOTH функциясы арқылы қайта қосу үшін HDMI кәбілін ажыратып, қосылуды қайта орындаңыз.
- Бір теледидар түйіндесіп тұрған кезде екінші теледидарды түйіндестіру үшін түйіндестірілген теледидарды өшіріп, мобильді құрылғыны қосу бойынша әрекеттерді орындап, жаңасын түйіндестіріңіз (24-бет).

## Теледидардың немесе теледидарға қосылған құрылғының дыбысын тыңдау

Теледидарды дыбыс панеліне сымсыз жалғаған кезде, дыбыс панелін қосу/өшіру, дыбыс деңгейін реттеу және дыбысты өшіру үшін теледидарды қашықтан басқару пультін пайдалануға болады.

**1** **Теледидарды қашықтан басқару пультімен теледидарды қосыңыз.**
Дыбыс панелі теледидардың қуат көзімен өзара байланысқандықтан қосылып, теледидар дыбысын ойнатады.

**2** **Теледидарды қашықтан басқару пультін пайдаланып, бағдарламаны немесе құрылғы кірісін таңдаңыз.**
Теледидар экранында көрсетілетін кескіннің дыбысы дыбыс панелі арқылы ойнатылады.


**3** **Теледидарды қашықтан басқару пультімен дыбыс панелінің дыбыс деңгейін реттеңіз.**
Теледидарды қашықтан басқару пультінде дыбысты өшіру батырмасы басылып тұрса, дыбыс уақытша өшеді.

**Кеңес**

Теледидар өшкен кезде дыбыс панелі де өшеді, себебі оның қуат көзі теледидардың қуат көзіне тәуелді.

# Динамик панелін қабырғаға орнату

Динамик панелін қабырғаға орнатуға болады.



**Ескертпелер**


- Қабырға материалы мен бекемдігіне сәйкес келетін бұрандаларды (қоса берілмейді) дайындаңыз. Гипсокартон аса опырылмалы материал болғандықтан, бұрандаларды қабырға арқалығына мықтап бұраңыз. Тегіс қабырға бетіндегі тіректердегі бұрандаларға іліп қою арқылы динамиктерді көлденеңінен орналастырыңыз.
- Орнатуды Sony дилеріне немесе лицензияланған мердігерге тапсырыңыз, орнату кезінде қауіпсіздікке ерекше назар аударыңыз.
- Sony компаниясы, дұрыс орнатылмауы, қабырғаның жеткілікті түрде берік болмауы, бұрандалардың дұрыс орнатылмауы, табиғи апаттар және т. б. салдарынан болған жазатайым оқиғалар немесе залалдар үшін жауап бермейді.

**1** **Динамик панелінің артқы жағындағы қабырғаға орнату саңылауларына сәйкес келетін екі бұранда (қоса берілмейді) дайындаңыз.**




Динамик панелінің артқы жағындағы саңылау


**2** **ҚАБЫРҒАҒА ОРНАТУ ҚАЛЫБЫН (қоса беріледі) қабырғаға жабыстырыңыз.**




**1** ТЕЛЕДИДАР ОРТАСЫНЫҢ (①) ҚАБЫРҒАҒА ОРНАТУ ҚАЛЫБЫНЫҢ СЫЗЫҒЫН теледидар ортасының сызығымен туралаңыз.


**2** ТЕЛЕДИДАРДЫҢ ТӨМЕНГІ ЖАҒЫНЫҢ (②) ҚАБЫРҒАҒА ОРНАТУ ҚАЛЫБЫНЫҢ СЫЗЫҒЫН теледидардың төменгі жағымен туралаңыз, содан кейін сатылымда бар жабысқақ таспаның немесе ұқсас құралдың көмегімен ҚАБЫРҒАҒА ОРНАТУ ҚАЛЫБЫН қабырғаға жапсырыңыз.

**3** **ҚАБЫРҒАҒА ОРНАТУ ҚАЛЫБЫ БҰРАНДАСЫНЫҢ СЫЗЫҒЫНДАҒЫ (③) (Ⓑ) белгілерде бұрандаларды төменде көрсетілгендей бекітіңіз.**




**4** **ҚАБЫРҒАҒА ОРНАТУ ҚАЛЫБЫН шешіп алыңыз.**

**5** **Динамик панелін бұрандаларға іліңіз.**
Динамик панелінің артқы жағындағы саңылауларды бұрандалармен туралаңыз, содан кейін динамик панелін екі бұрандаға іліп қойыңыз.



**Ескертпе**

ҚАБЫРҒАҒА ОРНАТУ ҚАЛЫБЫН қабырғаға желімдеу кезінде оны әбден тегістеңіз.

## Теледидарды қашықтан басқару пульті жұмыс істемейді

Динамик панелі теледидарды қашықтан басқару пультінің датчигін жауып тастаған кезде, теледидарды қашықтан басқару пульті жұмыс істемеуі мүмкін. Бұл жағдайда дыбыс панелінің ИҚ қайталағышы функциясын қосыңыз. Қашықтан басқару сигналын динамик панелінің артқы жағынан жіберіп, теледидарды тиісті қашықтан басқару пультімен басқаруға болады.


**Функцияны қосу немесе өшіру үшін STANDARD батырмасын басып, 5 секунд ұстап тұрыңыз.**

| |
|---|
| **ИҚ қайталағышы қосылған**<br>BLUETOOTH индикаторы екі рет жыпылықтайды. |
| **ИҚ қайталағышы өшірулі**<br>BLUETOOTH индикаторы бір рет жыпылықтайды. |


**Ескертпелер**

- ИҚ қайталағышы функциясын қоспас бұрын, теледидарды қашықтан басқару пультінен басқару мүмкін емес екеніне көз жеткізіңіз. Егер қашықтан басқару пультінен теледидарды басқаруға болатын кезде осы параметр қосулы болса, онда сіз қашықтан басқару пультінен тікелей жіберілген командалар мен динамик панелі арқылы жіберілген командалар арасындағы кедергілерге байланысты тиісті операцияларды орындай алмауыңыз мүмкін.
- Егер ИҚ қайталағышы функциясы қосылған болса, бұл функция теледидарға байланысты жұмыс істемеуі мүмкін. Сонымен қатар, басқа құрылғылардың, мысалы ауа баптағыштың қашықтан басқару пульттері дұрыс жұмыс істемеуі мүмкін. Бұл жағдайда динамик панелін немесе теледидарды орнату күйін өзгертіңіз.

# Теледидарды және басқа құрылғыларды тыңдау




**1** **TV немесе BLUETOOTH басыңыз.**
Динамик панелінде таңдалған кіріс индикаторы жылтылдай бастайды.




**TV кірісі**
- Динамик панеліндегі TV IN (OPTICAL) ұясына қосылған теледидар
- ARC функциясымен үйлесімді және динамик панеліндегі HDMI OUT (TV (ARC)) ұясына қосылған теледидар

Теледидарды HDMI OUT (TV (ARC)) және TV IN (OPTICAL) ұяларына қосқан кезде, аудиокіріс ұясы бірінші келіп түскен аудиосигналға байланысты таңдалады.

**BLUETOOTH кірісі**
A2DP істейтін BLUETOOTH құрылғысы
Қосымша ақпарат алу үшін «Мобильді құрылғыдан музыка тыңдау» бөлімін қараңыз (24-бет).

**2** **Дыбыс деңгейін реттеңіз.**
- Қашықтан басқару пультіндегі +/– батырмаларының көмегімен дыбыс деңгейін реттеңіз.
- Қашықтан басқару пультіндегі SW +/– батырмаларын пайдаланып, сабвуфер дыбысының деңгейін реттеңіз.


**Кеңес**
Кірісті динамик панеліндегі (TV) немесе BLUETOOTH батырмасын басып та таңдай аласыз.

**Ескертпелер**
- Егер кіріс дыбыс көзі төмен жиіліктің көп мөлшерін қамтымаса, мысалы, теледидар бағдарламалары қаралып жатса, сабвуфердің төмен жиілікті дыбысы нашар естілуі мүмкін.
- Сабвуфер қосылмаған болса, SW +/– батырмасы жұмыс істемейді.

# Дыбысты реттеу

## Дыбыс көздері үшін арнайы жасалған дыбыстық әсерді баптау (дыбыстау режимі)

Сіз әр түрлі дыбыс көздеріне бейімделген алдын ала бағдарламаланған дыбыстық әсерлерден рахат ала аласыз.




**Дыбыстау режимін таңдау үшін дыбыстау режимін таңдау батырмасын басыңыз.**
Дыбыстау режимін таңдаған кезде, MULTI CH индикаторы бір рет жыпылықтайды.

**AUTO SOUND**
Сіз дыбысты Sony ұсынған дыбыс режимі арқылы тыңдай аласыз. Дыбыстау режимі ойнатылатын ішіндегілер мен функцияға байланысты автоматты түрде оңтайландырылады.

**CINEMA**
Фильмдер көруге ыңғайлы көлемді дыбыс әсері, шынайы және қуатты дыбыс.

**MUSIC**
Дыбыстық әсерлер музыка тыңдау үшін оңтайландырылған.

**GAME**
Ойындарға жарайтын шынайы және күшті дыбыс.


**NEWS**
Жаңалықтардың анық естілуі.

**SPORTS**
Стадионда отырғандай атмосфераны сезіне аласыз. Алайда, комментаторлардың сөздері нақты естіледі.

**STANDARD**
Дыбыстық әсерлер әр жеке көз үшін оңтайландырылған.

## Дыбысты реттеу

Қашықтан басқару пультіндегі батырмалардың көмегімен дыбысты реттеуге болады.

| Функцияның атауы | Батырма | Функция |
|---|---|---|
| Түнгі режим |  | Түнде дыбыс деңгейі төмен болған кезде дыбысты анық есті аласыз.<br>• Қосулы: MULTI CH индикаторы екі рет жыпылықтайды.<br>• Өшірулі: MULTI CH индикаторы бір рет жыпылықтайды.<br><br>**Ескертпе**<br>Дыбыс панелін өшірген кезде түнгі режим автоматты түрде өшеді. |
| Сөйлеу режимі |  | Диалогтарды анық етуге мүмкіндік береді.<br>• Қосулы: MULTI CH индикаторы екі рет жыпылықтайды.<br>• Өшірулі: MULTI CH индикаторы бір рет жыпылықтайды. |
| DRC дыбысы | <br>Басып, 5 секунд ұстап тұрыңыз | Ақырын дыбысты жақсырақ есту үшін аудиосигналдың динамикалық диапазонын (максималды және минималды дыбыс деңгейі арасындағы диапазон) сығуға болады. Бұл функция Dolby Digital сигналын ойнату кезінде ғана қолжетімді.<br>• Қосулы: BLUETOOTH индикаторы екі рет жыпылықтайды.<br>• Өшірулі: BLUETOOTH индикаторы бір рет жыпылықтайды. |
| Мультиплексті радиохабар тарату |  | Дыбыс панелі Dolby Digital мультиплексті радиосигналын қабылдайтын болса, мультиплексті радиохабарды тыңдауға болады. Баптау келесі ретпен циклді түрде өзгереді: негізгі → қосымша → негізгі/қосымша.<br>• Негізгі: MULTI CH индикаторы бір рет жыпылықтайды.<br>• Қосымша: BLUETOOTH индикаторы бір рет жыпылықтайды.<br>• Негізгі/қосымша: негізгі дыбыс сол жақ динамиктен, ал қосымша дыбыс оң жақ динамиктен шығады. MULTI CH және BLUETOOTH индикаторлары бір рет жыпылықтайды. |

**Кеңес**
BLUETOOTH индикаторы жанған кезде AUDIO жұмыс істемейді.

## BLUETOOTH® функциясы арқылы музыка/дыбыс тыңдау


# Мобильді құрылғыдан музыка тыңдау

Мобильді құрылғыда, мысалы, смартфонда немесе планшетте сақталған музыканы BLUETOOTH функциясы арқылы дыбыс панелін мобильді құрылғыға қосып сымсыз байланыс арқылы тыңдауға болады.
Мобильді құрылғыны BLUETOOTH функциясы арқылы қосқан кезде, оны теледидарды қоспай-ақ, қоса берілген қашықтан басқару пультімен басқара аласыз.

## Мобильді құрылғымен түйіндестіру арқылы музыка тыңдау

BLUETOOTH функциясын пайдаланып мобильді құрылғыдан музыка тыңдау үшін дыбыс панелі мен мобильді құрылғыны түйіндестіру қажет. Түйіндестіру — BLUETOOTH құрылғыларын уақытылы сымсыз қосу мақсатында олардағы мәліметтерді өзара тіркеу үшін орындалатын процесс.

**1** **Динамик панеліндегі BLUETOOTH батырмасын басып, 2 секунд ұстап тұрыңыз.**
Дыбыс панелі түйіндестіру режиміне ауысып, BLUETOOTH индикаторы жылдам жыпылықтай бастайды.




Егер дыбыс панелі түйіндестіру режиміне ауысқаннан кейін 5 минут ішінде түйіндестіру орындалмаса, түйіндестіру режимі тоқтатылады. Бұл жағдайда түйіндестіруді қайта бастаңыз.

**2** **Түйіндестіруді орындап, мобильді құрылғыда дыбыс панелін іздеңіз.**
Мобильді құрылғының экранында ізделетін BLUETOOTH құрылғыларының тізімі пайда болады. BLUETOOTH құрылғысын мобильді құрылғымен түйіндестіру үшін орындалатын әрекеттер туралы ақпаратты мобильді құрылғыны пайдалану бойынша нұсқаулықта таба аласыз.

**3** **Мобильді құрылғы экранындағы тізімнен “HT-S350” таңдап, дыбыс панелін мобильді құрылғымен түйіндестіріңіз.**
Құпиясөз енгізуді сұраған кезде «0000» енгізіңіз.

**4** **Динамик панеліндегі BLUETOOTH индикаторының көк түспен жанып тұрғанына көз жеткізіңіз.**
Дыбыс панелі мен мобильді құрылғы арасында байланыс орнатылды.

**5** **Қосылған мобильді құрылғыдағы музыкалық қосымшаның көмегімен дыбысты ойната бастаңыз.**
Дыбыс дыбыс панелі арқылы шығады.

**6** **Дыбыс деңгейін реттеңіз.**
- Қашықтан басқару пультіндегі +/– батырмаларының көмегімен дыбыс деңгейін реттеңіз.
- Қашықтан басқару пультіндегі SW +/– батырмаларын пайдаланып, сабвуфер дыбысының деңгейін реттеңіз.

## BLUETOOTH функциясының қосылу күйін тексеру


| Статус | BLUETOOTH индикаторы |
|---|---|
| **Түйіндестіруді күту күйінде** | Көк түспен тез жыпылықтайды |
| **Байланыс орнату әрекеті орындалуда** | Көк түспен жыпылықтайды |
| **Байланыс орнатылды** | Көк түспен жанады |

**Ескертпелер**
- Сіз BLUETOOTH құрылғыларының келесі санын түйіндестіре аласыз.
  - Мобильді құрылғылар: 9
  - BLUETOOTH функциясы бар Sony теледидары: 1

  Жаңа құрылғыны түйіндестіріліп жатса, жоғарыда көрсетілген мөлшердегі құрылғылар түйіндестірілгеннен кейін, ең алғашқы қосылған құрылғы жаңасына ауыстырылады.
- Екінші және кейінгі мобильді құрылғылармен түйіндестіріңіз.

**Кеңестер**
- BLUETOOTH индикаторының күйін тексеріп, BLUETOOTH функциясының қосылу күйін тексере аласыз.
- Егер BLUETOOTH кірісі таңдалса, динамик панельдегі BLUETOOTH батырмасын басып қалған кезде дыбыс панелі түйіндестіру режиміне ауысады.
- Егер BLUETOOTH кірісі таңдалмаса, динамик панеліндегі BLUETOOTH батырмасын басып қалғанда дыбыс панелі соңғы рет қосылған BLUETOOTH құрылғысына автоматты түрде қайта қосылады.

## Түйіндестірілген мобильді құрылғыдан музыка тыңдау




**1** **Мобильді құрылғыдағы BLUETOOTH функциясын қосыңыз.**

**2** **BLUETOOTH басыңыз.** BLUETOOTH индикаторы жыпылықтай бастайды және динамик панелі соңғы рет қосылған BLUETOOTH құрылғысына автоматты түрде қайта қосылады.

**3** **BLUETOOTH индикаторының көк түспен жанып тұрғанына көз жеткізіңіз.**
Дыбыс панелі мен мобильді құрылғы арасында байланыс орнатылды.

**4** **Қосылған мобильді құрылғыдағы музыкалық қосымшаның көмегімен дыбысты ойната бастаңыз.**
Дыбыс дыбыс панелі арқылы шығады.

**5** **Дыбыс деңгейін реттеңіз.**
- Қашықтан басқару пультіндегі +/– батырмаларының көмегімен дыбыс деңгейін реттеңіз.
- Қашықтан басқару пультіндегі SW +/– батырмаларын пайдаланып, сабвуфер дыбысының деңгейін реттеңіз.

## BLUETOOTH құрылғысының көмегімен дыбыс панелін қосу

Егер дыбыс панелінде түйіндестіру туралы ақпарат сақталса, сіз BLUETOOTH функциясын қосып, дыбыс панелі күту режимінде болса да дыбыс панелін қосып, BLUETOOTH құрылғысынан музыка тыңдай аласыз.

### Функцияны қосу немесе өшіру үшін NIGHT батырмасын басып, 5 секунд ұстап тұрыңыз.

| |
|---|
| **BLUETOOTH күту режимі қосулы**<br>BLUETOOTH индикаторы екі рет жыпылықтайды. |
| **BLUETOOTH күту режимі өшірулі**<br>BLUETOOTH индикаторы бір рет жыпылықтайды. |

**Ескертпе**

BLUETOOTH күту режимі қосылған кезде күту режимінде энергия көбірек тұтынылады.

## BLUETOOTH функциясын өшіру


BLUETOOTH функциясын өшіруге болады.


### Функцияны қосу немесе өшіру үшін динамик панеліндегі ⏻, ▭ және — батырмаларын басып, 10 секунд ұстап тұрыңыз.

| |
|---|
| **BLUETOOTH функциясы қосулы**<br>BLUETOOTH индикаторы екі рет жыпылықтайды. |
| **BLUETOOTH функциясы өшірулі**<br>BLUETOOTH индикаторы бір рет жыпылықтайды. |

# Сабвуфердің сымсыз қосылымын орнату (SECURE LINK)

Secure Link функциясының көмегімен динамик панелін сабвуфермен байланыстыру үшін сымсыз қосылымды орната аласыз. Егер сіз бірнеше бірдей өнімді қолданатын болсаңыз немесе көршілеріңіз дәл осындай өнімдерді қолданатын болса, кедергілерді болдырмау үшін Secure Link функциясын пайдалану ұсынылады.




**1** **Сабвуфердің артқы жағындағы LINK басыңыз.**
Сабвуфердегі күй индикаторы қызғылт сары түспен жыпылықтайды. 2 минут ішінде келесі қадамға өтіңіз.

**2** **Қашықтан басқару пультіндегі SECURE LINK батырмасын басып, 5 секунд ұстап тұрыңыз.**
Байланыс орнатыла бастайды. MULTI CH және TV индикаторлары екі рет жыпылықтайды, содан кейін индикаторлар кезекпен жыпылықтай бастайды.

**3** **MULTI CH және TV индикаторларының жыпылықтамай тұрғанына, ал сабвуфер күйінің индикаторы қызғылт сары түспен жанып тұрғанына көз жеткізіңіз.**
Динамик панелі мен сабвуфер арасында байланыс орнатылды.

Егер іркіліс болса, MULTI CH және TV индикаторлары 5 секунд бойы жанып тұрады. Бұл жағдайда Secure Link операциясын қайта орындаңыз.

### Secure Link функциясын өшіру

SECURE LINK басып, 5 секунд ұстап тұрыңыз.
MULTI CH индикаторы екі рет жыпылықтайды.

## HDMI арқылы бақылау функциясын пайдалану

HDMI кәбілі арқылы HDMI арқылы басқару* функциясымен үйлесімді теледидар немесе Blu-ray Disc дискілерін ойнатқыш сияқты құрылғыларды қосу теледидарды қашықтан басқару пульті немесе Blu-ray Disc дискілерін ойнатқыш арқылы құрылғыны оңай басқаруға мүмкіндік береді.

**Ескертпе**

Бұл функциялар Sony компаниясынан басқа компаниялар шығарған құрылғыларда жұмыс істей алады, бірақ мұндай жұмысқа кепілдік берілмейді.

* HDMI арқылы бақылау — бұл HDMI (High-Definition Multimedia Interface) құрылғыларына бір-бірін бақылауға мүмкіндік беру үшін CEC (Consumer Electronics Control) функциясы пайдаланатын стандарт.

### HDMI арқылы бақылау функциясын қолдануға дайындық

### Функцияны қосу немесе өшіру үшін VOICE батырмасын басып, 5 секунд ұстап тұрыңыз.

| |
|---|
| **HDMI арқылы бақылау функциясы қосулы**<br>BLUETOOTH индикаторы екі рет жыпылықтайды. |
| **HDMI арқылы бақылау функциясы өшірулі**<br>BLUETOOTH индикаторы бір рет жыпылықтайды. |

Теледидарда және теледидарға қосылған басқа құрылғыда HDMI арқылы бақылау функциясының баптауларын қосыңыз.

## «Жүйенің қуат көзін өшіру» функциясы

Теледидарды өшірген кезде дыбыс панелі автоматты түрде өшеді.

## «Жүйенің дыбыс сигналын басқару» функциясы

Теледидар көріп отырғанда дыбыс панелін қосқан кезде, теледидар дыбысы дыбыс панелінің динамиктері арқылы шығады.
Дыбыс панелінің дыбыс деңгейін теледидарды қашықтан басқару пультінің көмегімен реттеуге болады.
Теледидар қосылған кезде дыбыс панелі автоматты түрде қосылып, теледидар дыбысы дыбыс панелінің динамиктері арқылы шығады.
Операцияларды теледидар мәзірі арқылы да жасауға болады. Қосымша ақпарат алу үшін теледидарды пайдалану бойынша нұсқаулықты қараңыз.

**Ескертпелер**

- Дыбыс панелінің дыбыс деңгейінің нөмірі теледидарға байланысты теледидар экранында көрсетіледі.
- Теледидар баптауларына байланысты жүйенің дыбыс сигналын басқару функциясы қол жетімді болмауы мүмкін. Қосымша ақпарат алу үшін теледидарды пайдалану бойынша нұсқаулықты қараңыз.
- Теледидарға байланысты, алдыңғы сеанс кезінде дыбыс теледидар динамиктерінен шығарылған болса, теледидардың қуат көзімен байланысты дыбыс панелі теледидар қосылып тұрғанның өзінде де қосылмауы мүмкін.

## ARC (Audio Return Channel)

Егер дыбыс панелі теледидардағы ARC функциясымен үйлесімді HDMI IN ұясына қосылған болса, теледидардың дыбысын сандық оптикалық кәбілді қоспай ақ дыбыс панелінің динамиктері арқылы тыңдауға болады.

**Ескертпе**

Егер теледидар ARC функциясымен үйлеспесе, сандық оптикалық кәбілді (қоса берілген) қосу керек (қоса берілген Жұмысты бастау нұсқаулығын қараңыз).

## «Бір рет басу арқылы ойнату» функциясы

Теледидарға қосылған құрылғының (Blu-ray Disc дискілерін ойнатқыш, PlayStation®4 және т. б.) ішіндегілерді ойнату кезінде
дыбыс панелі мен теледидар автоматты түрде қосылады, дыбыс панелінің кірісі TV кірісіне ауысады, ал дыбыс болса дыбыс панелінің динамиктері арқылы шығады.

**Ескертпелер**

- Соңғы рет теледидар көрген кезде дыбыс теледидар динамиктері арқылы шыққан болса, дыбыс панелі қосылмауы, ал құрылғының ішіндегілер ойнатылғанның өзінде де, дыбыс пен кескін теледидар арқылы шығуы мүмкін.
- Теледидарға байланысты ойнатылатын ішіндегілердің бастапқы бөлігі дұрыс ойнамауы мүмкін.

## BRAVIA Sync функциясын пайдалану

HDMI бойынша бақылау функциясынан басқа, сіз BRAVIA Sync функциясын, мысалы Дыбыстау режимі/Көрініст таңдау функциясын да пайдалана аласыз.

**Ескертпе**

Бұл функция Sony компаниясының жеке функциясы болып табылады. Бұл функция Sony-дан басқа өндіруші шығарған бұйымдарда жұмыс істемейді.

### «Дыбыстау режимі/Көрініст таңдау» функциясы

Дыбыс панелінің дыбыстау режимі көрініст таңдау функциясының баптауларына немесе теледидардың дыбыстау режиміне сәйкес автоматты түрде ауысады. Қосымша ақпарат алу үшін теледидарды пайдалану бойынша нұсқаулықты қараңыз.
Дыбыстау режимі үшін AUTO SOUND мәнін орнатыңыз (22-бет).

## HDMI қосылымдар бойынша ескертпелер

- Бекітілген HDMI кәбілін пайдаланыңыз.
- Sony компаниясының тип логотипті көрсетілген Ethernet арнасы бар жылдамдығы жоғары HDMI кәбілін пайдалану ұсынылады.
- HDMI-DVI өтпе кәбілдерін пайдалану ұсынылмайды.
- HDMI ұясы арқылы берілетін аудиосигналдарды (дискреттеу жиілігі, битпен берілген ұзындығы және т. б.) қосылған құрылғы басуы мүмкін.

# Тұтынылатын қуатты төмендету

Тұтынылатын қуатты төмендету режимінде дыбыс панелін пайдалану үшін келесі баптауларды өзгертіңіз.

## Пайдалану күйін табу арқылы дыбыс панелін өшіру

Автоматты күту режимі функциясын қосқан кезде, дыбыс панелі 20 минут бойы пайдаланылмаған жағдайда және дыбыс панеліне кіріс сигналы түспеген кезде дыбыс панелі автоматты түрде күту режиміне ауысады.

### Функцияны қосу немесе өшіру үшін INDICATORS батырмасын басып, 5 секунд ұстап тұрыңыз.

| |
|---|
| **Автоматты түрде күту режимі қосулы**<br>BLUETOOTH индикаторы екі рет жыпылықтайды. |
| **Автоматты түрде күту режимі өшірулі**<br>BLUETOOTH индикаторы бір рет жыпылықтайды. |

## Күту режимінде қуат үнемдеу

Күту режимінде энергияны үнемдеу үшін BLUETOOTH күту режимін (27-бет) және HDMI арқылы бақылау функциясын өшіріңіз (29-бет). Әдепкі бойынша бұл функциялар қосулы.

# Ақаулықтарды іздеу және жою

Егер дыбыс панелін пайдалану кезінде төменде көрсетілген қиындықтардың бірі туындаса, жөндеу қызметінен көмек сұрамас бұрын ақаулықтарды іздеу және жою бойынша осы нұсқаулықты оқыңыз. Егер кемшіліктер таусылмаса, ең жақын маңдағы Sony дилеріне хабарласыңыз. Жөндеу шеберханасына барғанда, бір қондырғыда ғана ақаулық бар деп санасаңыз да, динамик панелі мен сабвуферді өзіңізбен бірге алыңыз.

## Қуат көзі

### Дыбыс панелі қосылмайды.

➔ Айнымалы тоқтың қуат кәбілінің дұрыс қосылғанын тексеріңіз.

➔ Айнымалы тоқтың қуат кәбілінің қабырға розеткасынан ажыратыңыз, содан кейін біраз уақыттан соң қайта қосыңыз.

### Дыбыс панелі автоматты түрде өшеді.

➔ Автоматты күту режимі функциясы жұмыс істейді. Автоматты күту режимі функциясын өшіріңіз (32-бет).

### Дыбыс панелі теледидарды қосқанның өзінде де іске қосылмайды.

➔ HDMI арқылы бақылау функциясын қосыңыз (29-бет). Теледидарда HDMI арқылы бақылау функциясы істеуі керек. Қосымша ақпарат алу үшін теледидарды пайдалану бойынша нұсқаулықты қараңыз.

➔ Теледидар динамигінің баптауларын тексеріңіз. Дыбыс панелінің қуат көзі теледидар динамигінің баптауларымен синхрондалады. Қосымша ақпарат алу үшін теледидарды пайдалану бойынша нұсқаулықты қараңыз.

➔ Теледидарға байланысты, егер дыбыс соңғы рет теледидар динамиктерінен шықса, теледидардың қуат көзімен байланысты дыбыс панелі теледидар қосылып тұрғанның өзінде де қосылмауы мүмкін.

### Теледидарды өшірген кезде дыбыс панелі өшеді.

➔ HDMI арқылы бақылау функциясының баптауларын тексеріңіз (29-бет). HDMI бойынша бақылау функциясы қосылып, дыбыс панелінде TV кірісі таңдалғанда, теледидарды өшірген кезде дыбыс панелі автоматты түрде өшеді.

### Дыбыс панелі теледидарды өшіргеннің өзінде де өшпейді.

➔ HDMI арқылы бақылау функциясының баптауларын тексеріңіз (29-бет). Теледидарды өшірген кезде дыбыс панелінде TV кірісі таңдалған жағдайда ғана дыбыс панелі автоматты түрде өшеді. Теледидарда HDMI арқылы бақылау функциясы істеуі керек. Қосымша ақпарат алу үшін теледидарды пайдалану бойынша нұсқаулықты қараңыз.

## Кескін

### Кескін жоқ немесе тиісті түрде шықпайды.

➔ Егер TV кірісін таңдаған кезде кескін болмаса, теледидарды қашықтан басқару пультінің көмегімен қажетті телеарнаны таңдаңыз.

## Дыбыс

### Дыбыс панелі теледидарға BLUETOOTH функциясы арқылы қосыла алмайды.

➔ Егер дыбыс панелі теледидарға HDMI кәбілі арқылы жалғанған болса (қоса берілмейді), BLUETOOTH функциясы қосылмайды. HDMI кәбілін ажыратыңыз, содан кейін қайта жалғаңыз (15-бет).

### Теледидар дыбысы дыбыс панелі арқылы шықпайды.

➔ Дыбыс панеліне және теледидарға жалғанған HDMI кәбілінің немесе сандық оптикалық кәбілдің түрін және қосылуын тексеріңіз (қоса берілген Жұмысты бастау нұсқаулығын қараңыз).

➔ Теледидар мен дыбыс панелі арасындағы кәбілдерді ажыратып, оларды қайтадан мықтап жалғаңыз. Теледидар мен дыбыс панелінің айнымалы токтың қуат кәбілдерін электр желісінен ажыратып, қайтадан қосыңыз.

➔ Егер дыбыс панелі мен теледидар тек қана HDMI кәбілі арқылы жалғанған болса, мыналарды тексеріңіз.

- Жалғанған теледидардың HDMI ұясы ARC деп белгіленген.
- Теледидардың HDMI арқылы бақылау функциясы қосулы.
- Дыбыс панелінде HDMI арқылы бақылау функциясы қосулы (29-бет).

➔ Егер теледидар ARC функциясымен үйлеспесе, сандық оптикалық кәбілді (қоса берілген) қосыңыз (қоса берілген Жұмысты бастау нұсқаулығын қараңыз). Егер теледидар ARC функциясымен үйлеспесе, дыбыс панелі теледидардағы HDMI IN ұясына қосылған болса да, теледидардың дыбысы дыбыс панелі арқылы шығарылмайды.

➔ TV басып, TV кірісін таңдаңыз (21-бет).

➔ Теледидардың дыбысын қатайтыңыз немесе дыбысты өшірмеңіз.

➔ Теледидар мен дыбыс панелін қосу тәртібіне байланысты дыбыс панелінің дыбысы өшірілуі мүмкін. Бұл жағдайда алдымен теледидарды, содан кейін дыбыс панелін іске қосыңыз.

➔ Теледидар динамиктерінің баптаулары ретінде (BRAVIA) «аудиожүйе» мәнін орнатыңыз. Теледидарды баптау тәртібі туралы ақпаратпен танысу үшін теледидарды пайдалану бойынша нұсқаулықты қараңыз.

➔ Теледидар дыбысының шығуын тексеріңіз. Теледидарды баптау туралы ақпарат алу үшін теледидарды пайдалану бойынша нұсқаулықты қараңыз.

➔ Дыбыс панелі Dolby Digital және PCM аудиоформаттарын қолдайды (41-бет). Қолдау көрсетілмейтін форматты ойнатқан кезде теледидардың сандық аудио шығысын (BRAVIA) “PCM” мәніне орнатыңыз. Қосымша ақпарат алу үшін теледидарды пайдалану бойынша нұсқаулықты қараңыз.

### Дыбыс панелі мен теледидар дыбысты бір уақытта ойнатады.

➔ Теледидардың дыбысы сыртқы динамиктен шығуы үшін теледидардың аудио шығысын өзгертіңіз.

➔ Теледидардың дыбыс деңгейін барынша төмендетіп қойыңыз.

### Дыбыс панелі мен теледидарда бірдей дыбыс деңгейі орнатылған болса да, дыбыс панелінен шыққан дыбыс деңгейі теледидардың дыбыс деңгейінен өзгеше болады.

➔ Егер HDMI бойынша бақылау функциясы қосылған болса, дыбыс панеліндегі дыбыс деңгейінің мәні теледидарда теледидардың дыбыс

деңгейі ретінде көрінуі мүмкін. Дыбыс панелі мен теледидарда бірдей дыбыс деңгейінің мәні орнатылған болса да, дыбыс панелі мен теледидардың дыбыс деңгейі өзгеше шығады. Дыбыс панелі мен теледидардың дыбыс шығару деңгейі әр құрылғыдағы дыбысты өңдеу сипаттамаларына байланысты ерекшеленеді, бұл ақаулық болып табылмайды.

### Теледидарды немесе Blu-ray дискілерін және т. б. қараған кезде дыбыс кідірістері орын алады.

➔ Дыбыстау режимінің баптауын тексеріңіз (22-бет). Егер дыбыстау режимі үшін AUTO SOUND мәні орнатылса, дыбыстау режимі ойнатылып жатқан бағдарлама туралы ақпаратқа сәйкес автоматты түрде өзгертілген жағдайда дыбыс үзілуі мүмкін. Егер дыбыстау режимін автоматты түрде өзгерткіңіз келмесе, дыбыстау режимі үшін AUTO SOUND параметрінен басқа параметрді орнатыңыз.

### Дыбыс панелі қосылған құрылғыдан дыбыс шығармайды немесе ол өте ақырын ойнатылады.

➔ + батырмасын басып, дыбыс деңгейін тексеріңіз (13-бет).

➔ Дыбысты өшіруден бас тарту үшін немесе + батырмасын басыңыз (13-бет).

➔ Кіріс көзінің дұрыс таңдалғанына көз жеткізіңіз (21-бет).

➔ Жүйенің дыбыс панелінің және қосылған құрылғының барлық кәбілдері мен сымдарының жалғағыштары сенімді қосылғанына көз жеткізіңіз.

➔ Егер қосылған құрылғы дискреттеуді жоғарылату функциясын қолдайтын болса, оны өшіріңіз.

### Көлемді дыбыс әсерін алу мүмкін емес.

➔ Кіріс сигналының ерекшеліктері мен дыбысты ойнату режимін баптауға байланысты айналадағы дыбыс аса тиімді өңделмеуі мүмкін. Кейбір бағдарламалар немесе дискілер үшін айналадағы дыбыстың әсері елеулі байқалмауы мүмкін.

➔ Көп арналы аудионы ойнату үшін дыбыс панеліне қосылған құрылғының сандық аудио шығысының баптауын тексеріңіз. Қосымша ақпарат алу үшін қосылған құрылғыға қоса берілген пайдалану бойынша нұсқаулықты қараңыз.

## Сабвуфер

### Сабвуферден дыбыс шықпайды немесе ол өте ақырын шығады.

➔ Сабвуфердің дыбыс деңгейін қатайту үшін қашықтан басқару пультіндегі SW + батырмасын басыңыз.

➔ Сабвуфердегі күй индикаторының жасыл немесе қызғылт сары түспен жанып тұрғанына көз жеткізіңіз.

➔ Егер сабвуфердің күй индикаторы жанбаса, келесі әрекеттерді орындап көріңіз.

- Сабвуфердегі айнымалы тоқтың қуат кәбілі дұрыс жалғанғанына көз жеткізіңіз.
- Қуат көзін қосу үшін сабвуфердің (қуат көзі) батырмасын басыңыз.

➔ Егер сабвуфердің күй индикаторы қызыл түспен жанып тұрса, келесі әрекеттерді орындап көріңіз.

- Сабвуфердегі күй индикаторы жасыл немесе қызғылт сары түспен жануы үшін сабвуферді динамик панеліне жақын орналастырыңыз.
- «Сабвуфердің (SECURE LINK) сымсыз байланысын орнату» бөлімінде сипатталған әрекеттерді орындаңыз (28-бет).

➔ Егер сабвуфер күйінің индикаторы қызыл түспен жыпылықтаса, қуат көзін өшіру үшін сабвуфердің ⏻ (қуат көзі) батырмасын басыңыз және сабвуфердің желдету саңылауларының бұғатталмағанына көз жеткізіңіз.

➔ Егер кіріс көзінде төмен жиілікті компоненттер өте аз болса (мысалы, теледидар бағдарламалары), сабвуферден шыққан дыбыс нашар естілуі мүмкін. Сабвуферден шығатын дыбысты тексеру үшін төмендегі қадамдарды орындап, кіріктірілген демонстрациялық музыканы ойнатыңыз.

① Динамик панеліндегі 🖵 (TV) батырмасын басып, 5 секунд ұстап тұрыңыз. Кіріктірілген демонстрациялық музыка ойнай бастайды.

② 🖵 (TV) батырмасын тағы бір рет басыңыз. Кіріктірілген демонстрациялық музыканы ойнату тоқтатылады және дыбыс панелі алдыңғы күйге оралады.

➔ Түнгі режимді өшіріңіз (23-бет).

## Мобильді құрылғыны қосу

### BLUETOOTH қосу мүмкін емес.

➔ Динамик панеліндегі BLUETOOTH индикаторы жанып тұрғанына көз жеткізіңіз (8-бет).

➔ Қосылатын BLUETOOTH құрылғысының қосулы екеніне және BLUETOOTH функциясының қосылғанына көз жеткізіңіз.

➔ BLUETOOTH құрылғысын динамик панеліне жақындатыңыз.

➔ Дыбыс панелі мен BLUETOOTH құрылғысын қайта түйіндестіріңіз. Сізге алдымен BLUETOOTH құрылғысын пайдаланып, дыбыс панелімен түйіндестіруді тоқтату қажет болуы мүмкін.

➔ Егер BLUETOOTH функциясы өшірулі болса, оны қосыңыз (27-бет).

### Түйіндестіруді орындау мүмкін емес.

➔ BLUETOOTH құрылғысын динамик панеліне жақындатыңыз.

➔ Дыбыс панеліне кез келген сымсыз жергілікті желінің, жиілігі 2,4 ГГц басқа сымсыз құрылғылардың немесе микротолқынды пештің кедергі келтірмейтініне көз жеткізіңіз. Егер жақын жерде электрмагниттік сәуле шығаратын құрылғы орналасқан болса, оны дыбыс панелінен алыстатыңыз.

➔ Егер басқа BLUETOOTH құрылғылары дыбыс панелінің жанында орналасқан болса, түйіндестіру мүмкін болмайды. Бұл жағдайда басқа BLUETOOTH құрылғыларын өшіріңіз.

### Қосылған мобильді BLUETOOTH құрылғысының дыбысы дыбыс панелінен шықпайды.

➔ Динамик панеліндегі BLUETOOTH индикаторы жанып тұрғанына көз жеткізіңіз (8-бет).

➔ BLUETOOTH құрылғысын динамик панеліне жақындатыңыз.

➔ Егер жақын жерде электрмагниттік сәуле шығаратын құрылғы, мысалы, сымсыз жергілікті құрылғы, басқа BLUETOOTH құрылғылары немесе микротолқынды пеш болса, мұндай құрылғыны осы дыбыс панелінен алыс жылжытыңыз.

➔ Динамик панелі мен BLUETOOTH құрылғысы арасындағы кез келген кедергілерді алып тастаңыз немесе динамик панелін кедергіден алыстатыңыз.

➔ Егер динамик панелі теледидардың астына орнатылған болса, динамик панелін теледидардан алысырақ жылжытыңыз.

➔ Қосылған BLUETOOTH құрылғысының орнын ауыстырыңыз.

➔ Жақын орналасқан кез келген жергілікті желі маршрутизаторының немесе компьютердің сымсыз

жергілікті желісінің жиілігін 5 ГГц диапазонына ауыстырыңыз.
➔ Қосылған BLUETOOTH құрылғысында дыбыс деңгейін қатайтыңыз.

### Дыбыс кескінмен синхрондалмаған.

➔ Фильмдерді көрген кезде дыбыс кескіннен сәл артта қалуы мүмкін.

## Қашықтан басқару пульті

### Дыбыс панелінің қашықтан басқару пульті жұмыс істемейді.

➔ Қашықтан басқару пультін динамик панеліндегі қашықтан басқару пультінің датчигіне бағыттаңыз (8-бет).
➔ Қашықтан басқару пульті мен дыбыс панелі арасындағы барлық кедергілерді алып тастаңыз.
➔ Қашықтан басқару пультіндегі екі батареяны (егер олардың заряды отырса) жаңаларына ауыстырыңыз.
➔ Қашықтан басқару пультінде дұрыс батырманы басқаныңызға көз жеткізіңіз (13-бет).

### Теледидарды қашықтан басқару пульті жұмыс істемейді.

➔ Динамик панелін теледидарды қашықтан басқару пультінің датчигін жаппайтындай етіп орнатыңыз.
➔ Бұл мәселені ИК қайталағышы функциясын қосу арқылы шешуге болады (20-бет).

## Басқалар

### HDMI арқылы бақылау функциясы дұрыс жұмыс істемейді.

➔ Дыбыс панелімен қосылуын тексеріңіз (қоса берілген Жұмысты бастау нұсқаулығын қараңыз).
➔ Теледидарда HDMI арқылы бақылау функциясын қосыңыз. Қосымша ақпарат алу үшін теледидарды пайдалану бойынша нұсқаулықты қараңыз.
➔ Күте тұрыңыз, содан кейін әрекетті қайталаңыз. Егер дыбыс панелін розеткадан өшірген болсаңыз, операцияны орындамай тұрып біраз уақыт күтуіңізге тура келеді. 15 секунд немесе одан ұзақ күте тұрыңыз, содан кейін әрекетті қайталаңыз.
➔ Дыбыс панеліне қосылған құрылғыларда HDMI арқылы бақылау функциясын істейтініне көз жеткізіңіз.
➔ Дыбыс панеліне қосылған құрылғыларда HDMI арқылы бақылау функциясын қосыңыз. Қосымша ақпаратпен танысу үшін өз құрылғыңызды пайдалану бойынша нұсқаулықты қараңыз.
➔ HDMI арқылы бақылау функциясымен бақыланатын құрылғылардың түрі мен саны HDMI CEC стандартымен келесідей шектеледі.
  - Жазу құрылғылары (Blu-ray Disc жазу құрылғысы, DVD жазу құрылғысы және т. б.): 3 құрылғыдан көп емес
  - Ойнату құрылғылары (Blu-ray Disc дискілерін ойнатқыш, DVD ойнатқышы және т. б.): 3 құрылғыдан көп емес
  - Тюнерлермен байланысты құрылғылар: 4 құрылғыдан артық емес
  - Аудиожүйе (қабылдағыш/ құлаққап): 1 құрылғыдан артық емес (дыбыс панелі пайдаланатын)

### Динамик панеліндегі барлық индикаторлар 10 секунд жыпылықтайды, содан кейін дыбыс панелі өшеді.

➔ Қорғау функциясы іске қосылды. Айнымалы тоқтың қуат кәбілін ажыратыңыз және динамик панелінің желдету саңылауларының жабық емес екендігіне көз жеткізіңіз. Біраз уақыттан кейін дыбыс панелін қайта іске қосыңыз.


### Теледидардың датчиктері дұрыс істемейді.

➔ Динамик панелі кейбір датчиктерді (мысалы, жарықтық датчигі) және теледидарды қашықтан басқару пультінің датчигін немесе 3D инфрақызыл көзілдірік жүйесін немесе сымсыз байланысты қолдайтын 3D теледидарының 3D (инфрақызыл беріліс) көзілдірікке арналған сәулелендіргішін бұғаттай алады. Динамик панелін теледидардан осы компоненттер қалыпты жұмыс істей алатын қашықтыққа алыстатыңыз. Датчиктер мен қашықтан басқару пультінің қабылдағышының қайда орналасқанын білу үшін теледидармен бірге берілген пайдалану бойынша нұсқаулықты қараңыз.

### Дыбыс панелі дұрыс жұмыс істемейді.

➔ Дыбыс панелі деморежимде болуы мүмкін. Деморежимді тоқтату үшін дыбыс панелін қалпына келтіріңіз. Динамик панелінде (дыбыс деңгейі) және ⏻ (қуат көзі) басып, 5 секундтан артық ұстап тұрыңыз (39-бет).

### Келесі хабарлама көрсетіледі.




* Бұл экран мысал ретінде ағылшын тілінде берілген.

➔ Теледидарды қашықтан басқару пультін пайдаланып ТВ бағдарламасын таңдаңыз.

## Дыбыс панелін қалпына келтіру

Егер дыбыс панелінің жұмысындағы ақаулар жойылмаса, дыбыс панелі баптауларын келесідей қалпына келтіріңіз.

1 **Динамик панелінде (дыбыс деңгейі) және ⏻ (қуат көзі) басып, 5 секундтан артық ұстап тұрыңыз.**
Динамик панеліндегі барлық индикаторлар 3 рет жыпылықтайды, содан кейін баптаулар бастапқы күйіне оралады.

2 **Айнымалы тоқтың қуат кәбілін ажыратыңыз.**

3 **Айнымалы тоқтың қуат кәбілін жалғаңыз және дыбыс панелін қосу үшін ⏻ басыңыз.**

**Кеңес**
Әдепкі нұсқаулар әр функцияның сипаттамасында көрсетілген.

# Техникалық сипаттамалары

## Динамик панелі (SA-S350)

**Күшейткіш**

ШЫҒЫС ҚУАТЫ (номиналды)
Алдыңғы сол жақ + алдыңғы оң жақ: 45 Вт + 45 Вт (4 Ом, 1 кГц кезінде, сызықтық емес бұрмалау коэффициентінің жиынтық мәні 1 %)
ШЫҒЫС ҚУАТЫ (негізгі)
Алдыңғы сол жақ/алдыңғы оң жақ динамик: 85 Вт (бір арнаға 4 Ом, 1 кГц)
Кірістер
TV IN (OPTICAL)
Шығыстар
HDMI OUT (TV (ARC))

**BLUETOOTH**

Байланыс жүйесі
BLUETOOTH 5.0 нұсқасының спецификациясы
Шығыс
1-кластық BLUETOOTH қуатының спецификациясы
Байланыстың максималды қашықтығы
Тура көру шегінде шамамен 25 м[1)]
Жиілік диапазоны
Диапазон 2,4 ГГц (2,4000–2,4835 Ггц аралығы)
Модуляция әдісі
FHSS (Freq Hopping Spread Spectrum)
BLUETOOTH[2)] үйлесімді профильдері
A2DP (Advanced Audio Distribution Profile)
AVRCP (Audio Video Remote Control Profile)
Қолданылатын кодектер[3)]
SBC[4)]
Тарату диапазоны (A2DP)
20–20 000 Гц (дискреттеу жиілігі 32 кГц, 44,1 кГц, 48 кГц)

1) Құрылғылар арасында кедергілердің болуы, микротолқынды пештің айналасындағы магниттік өрістер, статикалық электр, сымсыз телефонды пайдалану, қабылдағыштың сезімталдығы, операциялық жүйе, бағдарламалық қосымшалар және т. б. факторларға байланысты нақты диапазон өзгешеленеді.
2) Стандартты BLUETOOTH профильдері құрылғылар арасындағы BLUETOOTH байланысының мақсатын анықтайды.
3) Кодек: аудиосигналды сығымдау және түрлендіру форматы
4) «көп жолақты кодтау кодегі» терминінің қысқартылуы

**Динамиктердің алдыңғы сол жақ/алдыңғы оң жақ блоктары**

Динамиктер жүйесі
2 динамиктен тұратын жүйе
Динамик
Алдыңғы сол жақ/алдыңғы оң жақ динамик: 52 мм x 90 мм, конус пішінді, 4 Ω

**Жалпы**

Қуат көзіне қойылатын талаптар
220–240 В аралығындағы айнымалы тоқ, 50/60 Гц
Энергияны тұтыну
Қосылған режим: 30 Вт
Күту режимі: 0,5 Вт немесе одан аз (қуат үнемдеу режимі)
(HDMI арқылы бақылау функциясы мен BLUETOOTH күту режимі өшірулі болған кезде)
Күту режимі: 2 Вт немесе одан аз* (HDMI арқылы бақылау функциясы мен BLUETOOTH күту режимі қосулы болған кезде)

* HDMI арқылы қосылыс және BLUETOOTH түйіндесуі туралы деректер болмаған кезде дыбыс панелі автоматты түрде қуат үнемдеу режиміне ауысады.

Өлшемдері* (шамамен) (е/б/т)
900 мм × 64 мм × 88 мм

* Шығыңқы бөліктерді қоспағанда

Масса (шамамен)
2,4 кг

## Сабвуфер (SA-WS350)

ШЫҒЫС ҚУАТЫ (негізгі)
150 Вт (100 кГц болғанда 2,5 Ом)
Динамиктер жүйесі
Сабвуфердің акустикалық жүйесі, фазалық инвертор
Динамик
160 мм, конус пішінді
Қуат көзіне қойылатын талаптар
220–240 В аралығындағы айнымалы тоқ, 50/60 Гц
Энергияны тұтыну
Қосылған режим: 25 Вт
Күту режимі: 0,5 Вт немесе одан аз
Өлшемдері* (шамамен) (е/б/т)
190 мм × 382 мм × 390 мм

* Шығыңқы бөліктерді қоспағанда
Масса (шамамен)
7,8 кг

## Сымсыз таратқыш/қабылдағыш бөлімі

Жиілік диапазоны
2,4 ГГц (2,4000–2,4835 Ггц аралығы)
Модуляция әдісі
FHSS (Freq Hopping Spread Spectrum)

Құрылымы мен сипаттамалары алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

## Қолдау көрсетілетін кіріс аудиоформаттары (TV кіріс)

Төменде осы дыбыс панелі қолдайтын аудиоформаттар берілген.
- Dolby Digital
- Linear PCM 2ch

## BLUETOOTH технологиясы арқылы байланыс туралы

- BLUETOOTH құрылғыларын бір-бірінен шамамен 10 метр қашықтықта (кедергісіз қашықтық) пайдалану керек. Байланыстың тиімді қашықтығы келесі жағдайларда төмендеуі мүмкін.
  - BLUETOOTH технологиясы арқылы байланысатын құрылғылардың арасында адам, металл зат, қабырға немесе басқа кедергілер анықталса
  - Сымсыз жергілікті желілерді орнату орындарында
  - Қолданылатын микротолқынды пештердің айналасында
  - Басқа электрмагниттік толқындар бар жерлерде
- BLUETOOTH құрылғылары мен сымсыз жергілікті желі жабдықтары (IEEE 802.11b/g/n) бір жиіліктік диапазонда (2,4 ГГц) жұмыс істейді. BLUETOOTH құрылғысын сымсыз жергілікті желі құрылғыларының жанында пайдаланған кезде электрмагниттік кедергілер болуы мүмкін. Бұл деректерді тарату жылдамдығының төмендеуіне, шуылға немесе қосылудың мүмкін болмауына әкелуі мүмкін. Егер мұндай жағдай орын алса, мәселені шешу үшін келесі әрекеттерді орындап көріңіз:
  - Осы дыбыс панелін сымсыз жергілікті желі құрылғысынан кемінде 10 метр қашықтықта пайдаланыңыз.
  - BLUETOOTH құрылғысын 10 метрден аз қашықтықта пайдаланған кезде сымсыз жергілікті желі құрылғысының қуатын өшіріңіз.
  - Дыбыс панелін және BLUETOOTH құрылғысын бір-біріне мүмкіндігінше жақын орнатыңыз.
- Бұл дыбыс панелінің радио толқындармен сәулеленуі кейбір медициналық құрылғылардың жұмысына кедергі келтіруі мүмкін. Бұл кедергілер ақауларға әкелуі мүмкін болғандықтан, келесі жерлерде дыбыс панелінің және BLUETOOTH құрылғысының қуатын міндетті түрде өшіріңіз:
  - Ауруханаларда, пойыздарда, ұшақтарда, автожанармай құю станцияларында және өрт қаупі бар газдар бар жерде
  - Автоматты есіктер немесе өрт дабылы жанында
- Бұл дыбыс панелі BLUETOOTH технологиясы бойынша байланыс кезінде қауіпсіз қосылыстың орнатылуын қамтамасыз ету үшін BLUETOOTH спецификациясымен үйлесімді қауіпсіздік функцияларын қолдайды. Алайда, қауіпсіздікті қамтамасыз етудің бұл құралдары баптауларға және басқа факторларға байланысты жеткіліксіз болуы мүмкін, сондықтан BLUETOOTH технологиясын қолдана отырып, деректермен алмасуды іске асыру кезінде әрқашан сақ болыңыз.
- Sony компаниясы BLUETOOTH технологиясы арқылы байланысты пайдалану кезінде ақпараттың жария болуы салдарынан шеккен кез келген шығын немесе өзге залал үшін қандай да бір жауапкершілік көтермейді.
- Осы дыбыс панелі сияқты профилі бар барлық BLUETOOTH құрылғыларына BLUETOOTH байланысына кепілдік берілмейді.
- Дыбыс панеліне қосылатын BLUETOOTH құрылғылары Bluetooth SIG, Inc ұйымы орнатқан BLUETOOTH спецификациясына сәйкес келуі керек және сәйкестік туралы куәліктері болуы керек. Алайда, BLUETOOTH құрылғысының ерекшеліктері мен техникалық сипаттамаларына байланысты, тіпті егер ол BLUETOOTH спецификациясына сәйкес келсе де, қосылу мүмкін болмайтын немесе басқару, көрсету әдістерінде немесе жұмысында ауытқулар туындайтын жағдайлар болуы мүмкін.

- Дыбыс панеліне қосылған BLUETOOTH құрылғысына, байланыс жағдайларына немесе қоршаған ортаға байланысты шу немесе дыбысты ойнатуда үзілістер болуы мүмкін.

Дыбыс панеліне қатысты сұрақтар немесе мәселелер пайда болған жағдайда, жақын маңдағы Sony дилеріне хабарласыңыз.

# Сақтық шаралары

## Қауіпсіздік

- Егер дыбыс панелінің ішіне қатты зат немесе сұйықтық түсіп кетсе, дыбыс панелінің ашасын розеткадан шығарыңыз және оны білікті маман тексергенше оны пайдаланбаңыз.
- Құлап кетпеу, жарақат алмау және дыбыс панеліне зақым келтірмеу үшін дыбыс панеліне тұрмаңыз.

## Қуат көздері

- Дыбыс панелін пайдаланбас бұрын оның жұмыс кернеуінің жергілікті электр желісінің кернеуімен сәйкес келетініне көз жеткізіңіз. Жұмыс кернеуі динамик панелінің төменгі жағына бекітілген тақтайшада көрсетілген.
- Егер сіз дыбыс панелін ұзақ уақыт бойы пайдаланбайтын болсаңыз, айнымалы тоқтың қуат кәбілін қабырға розеткасынан міндетті түрде суырып тастаңыз. Айнымалы тоқтың қуат кәбілін ажырату үшін штепсельдік ашадан ұстап тартыңыз, ешбір жағдайда кәбілден ұстап тартпаңыз.
- Қауіпсіздік мақсатында, ашаны қабырғадағы розеткаға тек бір тәсілмен тығу үшін аша түйіспелерінің бірі екіншісінен кеңірек. Егер істікшені розеткаға толығымен салу мүмкін болмаса, дилерге хабарласыңыз.
- Айнымалы тоқтың қуат кәбілін тек мамандандырылған қызмет көрсету орталығында ауыстыру керек.

## Қызуы

Дыбыс панелінің жұмыс кезінде қызуы ақаулық болып табылмайды.
Дыбыс панелінің дыбысын қатайтып қойып ұзақ уақыт пайдалану оның артқы және төменгі бөлігінде температураның айтарлықтай жоғарылауына әкеледі. Күйіп қалмас үшін дыбыс панеліне қол тигізбеңіз.

## Орнату

- Жылу жиналмауы және ұзақ қызмет етуді қамтамасыз ету үшін дыбыс панелін жақсы желдетілетін жерге орнатыңыз.
- Дыбыс панелін жылу көздерінің қасында немесе күн сәулесі мен шаң немесе механикалық соққы түсетін жерге қоймаңыз.
- Динамик панелінің жоғарғы бөлігіне бөгде заттарды қоймаңыз.
- Дыбыс панелін теледидармен, бейнемагнитофонмен немесе кассета декасымен бірге пайдалану шудың пайда болуына және кескін сапасының төмендеуіне әкелуі мүмкін. Бұл жағдайда дыбыс панелін теледидардан, бейнемагнитофоннан немесе кассета декасынан алыс орналастырыңыз.
- Дыбыс панелін арнайы өңделген (балауыз, май, шайыр және т. б.) бетке орналастырған кезде абай болыңыз, өйткені бұл жерде дақ пайда болуы немесе бет түссізденуі мүмкін.
- Динамик панелінің бұрыштарына соғылып жарақат алып қалмау үшін абай болыңыз.

## Пайдалану

Басқа құрылғыларды қоспас бұрын дыбыс панелін өшіріп, оны электр желісінен ажыратуды ұмытпаңыз.

### Жанында орналасқан теледидар экранында түс бұрмаланған жағдайда

Кейбір типтегі теледидар экранында түс бұрмалануы мүмкін.

- Егер түстің бұрмалануы байқалса... Теледидарды өшіріңіз және 15-30 минуттан кейін оны қайтадан қосыңыз.
- Егер түстің бұрмалануы қайтадан байқалса... Дыбыс панелін теледидардан алысырақ жылжытыңыз.

### Тазалау

Дыбыс панелін жұмсақ, құрғақ шүберекпен сүртіңіз. Абразивті ысқышты, құрғақ ұнтақ немесе спирт немесе бензин сияқты еріткіштерді пайдаланбаңыз.

Дыбыс панеліне қатысты сұрақтар немесе мәселелер пайда болған жағдайда, жақын маңдағы Sony дилеріне хабарласыңыз.

## Авторлық құқықтар және тауар белгілері

Бұл дыбыс панелінде Dolby* Digital технологиясы бар.

* Dolby Laboratories лицензиясы бойынша жасалған.
Dolby, Dolby Audio атаулары және қос D әрпі бар символ Dolby Laboratories компаниясының сауда маркалары болып табылады.

BLUETOOTH® маркасы мен логотипі Bluetooth SIG, Inc. корпорациясының меншігі болып табылады және Sony компаниясымен лицензия бойынша қолданылады. Барлық басқа сауда маркалары мен сауда атаулары тиісті иелердің меншігі болып табылады.

HDMI мен HDMI High-Definition Multimedia Interface терминдері және HDMI логотипі HDMI Licensing Administrator, Inc. компаниясының Америка Құрама Штаттарындағы және басқа елдердегі тауар белгілері немесе тіркелген тауар белгілері болып табылады.

«BRAVIA» логотипі Sony Corporation компаниясының сауда белгісі болып табылады.

PlayStation — Sony Interactive Entertainment Inc. компаниясының тауар белгілері немесе тіркелген тауар белгілері.

Аудиосигналды кодтау технологиясы және MPEG Layer-3 патенттері Fraunhofer IIS және Thomson лицензиясы бойынша қолданылады.

Windows Media — тіркелген сауда маркасы немесе Microsoft Corporation компаниясының АҚШ-тағы және/немесе басқа елдердегі сауда маркасы болып табылады. Бұл өнім Microsoft Corporation нақты зияткерлік меншік құқықтарымен қорғалған. Microsoft корпорациясы немесе Microsoft корпорациясының уәкілетті бөлімшесінің лицензиясынсыз мұндай технологияны бұл өнімнен тыс пайдалануға немесе таратуға тыйым салынған.

Барлық басқа тауар белгілері тиісті иелеріне тиесілі.

SONY

KZ

# Жұмысты бастау нұсқаулығы

Sound Bar: HT-S350


Келесі тәсілдер туралы ақпарат алу үшін Пайдалану бойынша нұсқаулық (бөлек құжат) қараңыз.

- **Динамик панелін қабырғаға орнату**
- **BLUETOOTH функциясы арқылы Sony теледидарына сымсыз қосылу**



* 4 7 4 8 7 5 9 3 1 * (1) 4-748-759-31(1)

## Жеткізу жиынтығының ішіндегілер



Динамик панелі (1)



Сабвуфер (1)



Қашықтан басқару пульті (1)



R03 типті батарея (AAA өлшемді 1,5 В тұрақты ток) (2)
Жарамдылық мерзімі элементтің теріс полюсінде көрсетілген.



Сандық оптикалық кәбіл (1)



ҚАБЫРҒАҒА ОРНАТУ ҚАЛЫБЫ (1)




Пайдалану бойынша нұсқаулық



Жұмысты бастау нұсқаулығы (осы құжат)

## 1 Теледидарды жалғау





ЕСКЕРТПЕ

- Кәбілдің мықтап салынғанына көз жеткізіңіз.
- HDMI бойынша бақылау функциясын пайдалану үшін динамик панелі мен теледидарды HDMI кәбілі арқылы қосыңыз (қоса берілмейді).
- «ИӘ» пәрменін таңдағанда, теледидардағы HDMI арқылы бақылау функциясын қосыңыз. Олай болмаған жағдайда, теледидар дыбысы дыбыс панелінен шықпайтын болады.
- «ЖОҚ» пәрменін басқанда, теледидар мен динамик панелін HDMI кәбілі (қоса берілмейді) және сандық оптикалық кәбіл (қоса беріледі) арқылы қосыңыз. Олай болмаған жағдайда, теледидар дыбысы дыбыс панелінен шықпайтын болады. Сандық оптикалық кәбіл жалғағыштары мен теледидар мен динамик панелінің формасын тексеріңіз. Жалғағыштарды ұяларға дұрыс бағытта салыңыз. Жалғағыштарды күштеп дұрыс бағытқа орнатсаңыз, жалғағыштар мен ұялар зақымдалуы мүмкін.


## 2 Қашықтан басқару пультін баптау



## 3 Теледидарды қосу




## 4 Дыбыс панелін қосу





❶ Динамик панелі мен сабвуфердің айнымалы тоқтың қуат кәбілдерін айнымалы тоқ розеткасына қосыңыз.
Дыбыс панелінің қашықтан басқару пульті динамик панеліндегі барлық индикаторлар сөнгенше жұмыс істемейді.

❷ Дыбыс панелінің қашықтан басқару пультіндегі ⏻ (қуат көзі) батырмасын басыңыз.
Динамик панелінде барлық индикаторлар бірнеше секундқа біртіндеп жанады, содан кейін тек TV индикаторы жанады.

❸ Сабвуфердегі қуат көзінің индикаторы жасыл түспен жанып тұрғанына көз жеткізіңіз.
Егер сабфувердегі қуат көзінің индикаторы жасыл түспен жанса, динамик панелімен байланыс орнатылды.
Егер сөніп тұрса, Пайдалану бойынша нұсқаулықтың (бөлек құжат) «Ақаулықтарды іздеу және жою» бөліміндегі «Сабвуфер» тармағын қараңыз.

## 5 Аудио тыңдау

❶/❷




❶ Динамик панеліндегі TV индикаторының жанғанына көз жеткізіңіз.
Егер динамик панеліндегі TV индикаторы жанбаса, дыбыс панелінің қашықтан басқару пультіндегі INPUT батырмасын басып, TV кірісін таңдаңыз.

❷ Дыбыс панелінің қашықтан басқару пультіндегі ◿ +/– батырмаларының көмегімен дыбыс деңгейін реттеңіз.
Дыбыс панелінің қашықтан басқару пультіндегі SW ◿ +/– батырмаларының көмегімен дыбыс деңгейін реттеңіз.

**ЕСКЕРТПЕ**

- Теледидар мен дыбыс панелін қосу тәртібіне байланысты дыбыс панеліндегі дыбыс өшуі мүмкін, ал MULTI CH және BLUETOOTH индикаторлары кезек-кезек жыпылықтайтын болады. Бұл жағдайда алдымен теледидарды, содан кейін дыбыс панелін іске қосыңыз.
- Магниттік карталарды дыбыс панеліне немесе дыбыс панелінің жанына қоймаңыз.

© 2019 Sony Corporation Printed in Malaysia